




SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI  
SEMEI



2020

*Бір ел - бір кітап  
Одна страна - одна книга*

*Виртуалды кітап көрмесі*

175

ЖЫЛ



1150

ЖЫЛ



# ***ЖЫЛ КІТАПТАРЫ***

***Құрметті оқырмандар!***

Биыл 2020 жылы «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында екі автордың шығармалары таңдалды: Ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай Мұхтар Әуезовтың «**Абай жолы**» романы мен Шығыс ғұламасы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай жазушы Әнуар Әлімжановтың «**Ұстаздың оралуы**» романдары таңдалды.





*Бүгге кітап оқыық!*



# "Абай жолы" романы

"XX ғасырдағы ең  
үздік  
шығармалардың  
бірі"



Луи Арагон  
француз  
жазушы



«Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғасырдың 40-50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес»  
Мүсірепов Ф.



Николай Тихонов  
орыс жазушы

«Бұл тамаша эпопея бізге тұтастай бір әлемді сыйға тартты, табиғаттың, тұрмыстың небір гажайыт картиналарын адам құштарлықтарын сипаттауымен бізді іңкәр етті!»



«Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды: ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілі мен сөздігінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі.»  
Қ.И. Сәтбаев

*«Абай жолы» эпопеясы  
дүние жүзі халықтарының  
**116 тіліне** аударылған*





# "Ұстаздың оралуы" романы

## «ҰСТАЗДЫҢ ОРАЛУЫ»

көркемдік жағынан ғана емес,  
тарихи-философиялық жағынан да  
өте құнды еңбек

Әдебиетте өзіндік қолтаңбасымен, көркем дүниелерімен келешекке мол мұра қалдырған тұлға – **Әнуар Әлімжанов**. Жас ұрпақ үлгі тұтатын абзал азамат, талантты жазушы, қазақ халқының ұлы перзенті, көрнекті қаламгер облысымыздың Алакөл ауданына қарасты Қарлығаш ауылында дүниеге келген. **Әнуар Әлімжановтың** шығармаларында бүгінгі өмір кешегі тарихың заңды жалғасы ретінде суреттеліп, халықтың жарқын болашақ жолындағы жасампаздық күресі, арман, мүддесі шынайы көрініс тапты. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер шығармалары ұлттық мұрамызға мол үлес қосты, оны жаңа мазмұнмен байытып, биікке көтерді. **Әнуар Әлімжанов** бір сөзінде «Қазақ қоғамы үшін азарту дәуірі әлі аяқталған жоқ» деген екен. Жазушының бұл сөзі қазір де өзектілігін жойған жоқ»



АНУАР АЛИМЖАНОВ  
АНУАР АЛИМЖАНОВ





## Қазақ оқырмандарына оқуға ұсынылған әр қазақ оқуы тиісті елу үздік шығарманың бірі - Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы.

Шығармашылық жолында ұлы көреген Мұхтар Әуезовтің өзінен ақ бата алған қаламгер артында өзінің дара қолтаңбасын қалдырып кетті. Ол халқымыздың несібесіне, игілігіне айналды. Әнуар Әлімжановтың өмір жолы - күрес жолы. Ол ешкімге бас ұрмай, тек әділдікке, ақиқатқа табынып өтті. Оның жазушылық, азаматтық позициясы да осы принциптерден өріліп шықты. Ол тек қаламгер ғана емес, саяси қайраткер болды.

**«Ұстаздың оралуы»** романында Ә.Әлімжанов сонау Х ғасырда өмір кешкен кемеңгер жерлес ғалымымыз, кезінде «Шығыстың екінші ұстазы» атанған Әбунасыр әл-Фарабидің ғибратты өмірін сөз етеді. Адамдықтың, жақсылықтың мәңгілік жауы - надандық тұманын сейілту үшін, жамағатшылыққа ең адал, таза даму, көркею жолын іздеп, ақиқатпен, біліммен қаруландыру үшін өмір бойы еңбектенген, өз басының тыныштығы мен бақытын осы мақсатта құрбан еткен, ғажайып ғалым әл-Фарабидің өшпес өнегесін айту әрі ауыр, әрі құрметті міндет еді. Бір халықтың емес, барша халықтың алдына білім шырағын жаққан, артына таусылмас мол рухани байлық қалдырған әл-Фарабидің жарқын тұлғасы романда үлгі аларлық болып шыққан.



## *«Ұстаздың оралуы» романында керемет бір идея бар.*

Ол - әл Фарабидің араб жұртына тек үйрену үшін емес, түркі әлемін, қыпшақ өркениетін таныту үшін жол тартқаны.

«Ұстаздың оралуы» өзінің тақырыбы, жанры және идеялық көркемдік шешімдері жағынан бүкіл кеңес әдебиетіндегі салдарлы туындылар легіне қосылады. Қазақ елінің өткендегі тағдыры, шытырман жолы, қуаныштары мен өкініштері басты тақырыпқа айналған. Туған елдің өткендегі бұралаң жолдарын бүкіл аумағымен алып көрсету, ол кұбылыстарды әлемдік даму заңдылықтары мұнарасынан қарап бағалау қаламгерге мол творчестволық еркіндік, шабытына ұшқыр қанат, мақсатына мәнділік берген. Мұның бәрі оның қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын, өзіне ғана тән дара да сара соқпақ табуына, әрбір шығармасында отандастар ойын нәрлендірерлік тың шешім іздеуіне жәрдемдеседі.





SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI  
SEMEI

***Назарларыңызға рахмет!***

Орындаған: кітапханашы Оразкулова Ж.Ж.

Семей қаласы  
2020 жыл